



«SERGEK» СЕРГЕКТИКТИ ТАЛАП ЕТЕДІ

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС ҚАЛАЙ ӨТУДЕ?

5-БЕТ | БІЛІМ



ТИІМСІЗ БАҒДАРЛАМАНЫ ТОҚТАТҚАН ЖӨН

6-БЕТ | САРАПТАМА



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Біз халқымыздың рухани негізін құрметтей отырып, мемлекетіміздің зайырлы ел ретіндегі мәртебесін күшейте түсуіміз керек. Қазақстан өзінің мемлекеттілігіне және қоғамдық моралына қайшы келмейтін діни наным-сенімдердің, түрлі танымдар мен ілімдердің бәріне түсіністікпен қарайды. Бірақ біз батыстың, я болмаса басқа да көзқарас иелерінің ықпалымен төл мәдениетімізге жат әрі әлемнің дуалистік негізіне кереғар құндылықтарды насихаттаушылардың жетегіне еріп кете алмаймыз, кетпейміз де!

№86
(4674)
Сенбі
20 шілде
2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ҚЫРҒЫЗ ЕЛІНЕ КӨМЕК

«Biz Birgemiz Qazaqstan» қоры Қырғызстанның оңтүстігіндегі селден зардап шеккен өңірлерге гуманитарлық көмек жөнелтті.

40 тонна жүктің ішінде ұн, қант сынды азық-түлік өнімдері, гигиеналық құралдар тиелген. Селден зардап шеккендерге гуманитарлық жәрдем Қазақстан шекарасынан өтіп, Қырғыз Республикасының шекарасына жеткізілді. Бұл жәрдем селден зардап шеккендерге таратылады.

ҚАНША ҚАНДАС ОРАЛДЫ?

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2024 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша биыл 8 758 этникалық қазақ қандас мәртебесін алғанын мәлім етті.

Жыл басынан бері Қазақстанға келген қандастардың жартысы (49,5 пайызы) Қытайдан, 34,7 пайызы – Өзбекстаннан, 5,9 пайызы – Түрікменстаннан, 5,3 пайызы – Моңғолиядан, 3,3 пайызы – Ресейден және 1,3 пайызы басқа елдерден келген.

Жалпы 1991 жылдан бері республикаға 1 миллион 137,1 мың этникалық қазақ оралды.



ҮЙРЕТЕРІ КӨП ҮЙІРМЕ

Елордада алғаш рет робототехника лагері ашылды. Мұнда жаңашылдық пен ғылымға әуес оқушылардың қарым-қабілеттері шыңдалатын болады. Бүгінгі таңда «RoboTechnoGirls» жазғы лагерінде 100-ден аса оқушы тегін білім алуда. Оқушылар лагерь барысында бағдарламалау, дизайн, ақпараттық технологиялар, робототехника, инженерия және жасанды интеллектпен танысады.

5

МЕКТЕПТЕГІ ОҚУ МЕРЗІМІ БЕЛГІЛЕНДІ

Оқу-ағарту министрлігі орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу мерзімін, ұзақтығын және каникул кезеңдерін бекітті.

Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылы 1 қыркүйекте басталып, 25 мамырда аяқталады.

Күзгі каникул 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда 7 күнге созылады. Қысқы каникул 2024 жылдың 30 желтоқсанында басталады және 2025 жылдың 8 қаңтарын қоса алғанда күнтізбелік 10 күнге жалғасады.

Бірінші сынып оқушылары үшін үшінші тоқсанда 2025 жылғы 10 ақпаннан 16 ақпанды қоса алғанда дейінгі уақытта ұзақтығы 7 күнді құрайтын қосымша демалыстар беріледі.

Көктемгі каникул 2025 жылдың 21 наурызында басталып, 31 наурызды қоса алғанда дейін жалғасады. 25 мамырда оқу жылы қорытындыланады.



ЕЛОРДАДА – ӘЛЕМ БІРІНШІЛІГІ

Елордада 1-6 тамыз аралығында Қазақстанның шахмат федерациясы ФИДЕ қолдауымен рапид пен блицтан клубтық әлем чемпионатын өткізеді.

Турнирге әртүрлі елдерден 30-дан астам клуб қатысады, қатысушылар саны – 300-ге жуық. Әлем чемпионатынан дүние жүзіндегі ең ірі ақпарат агенттіктері хабар таратады және оларды әлемнің 200-ден астам елінен келген шахмат әуесқойлары бақылайды.

Қатысушылардың арасында қазіргі әлем чемпиондары Дин Лижен (Қытай) және Джу Вэньцзюнь (Қытай), шахматтан 16-әлем чемпионы Магнус Карлсен (Норвегия), бұрынғы әлем чемпионы Александра Костенюк (Швейцария) және әлемнің басқа да көптеген шахматшылары бар.

Әлем чемпионаты Астананың Конгресс-орталығында өтеді. Чемпионат 1 тамызда Астана амфитеатрында ашылады.

КӨКПАР ТАРТЫП, АСЫҚ АТАДЫ

Дүниежүзілік көшпенділер ойындары қарсаңында Астанада «Азия Көкпар Лигасы» командалық көкпар жарысы өтеді, деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты.

«Тұлпар» ат спорты клубында үздік спортшылар мен жарқын медиа тұлғаларынан құралатын төрт команда көкпар сайысына түседі. Сонымен қатар көрермендер арасында асық атудан жарыс ұйымдастырылады.

Іс-шара 21 шілдеде сағат 16.00-де басталады.

Барлық қатысушылар мен қонақтар үшін бүркіт, сұңқар және қазақтың ит тұқымы – тазымен фотосуреттерге түсуге арналған орын болады.



ҒЫЛЫМДЫ ОДАН ӘРІ ДАМУДА ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбекті қабылдап, жоғары білім және ғылым жүйесін дамытуға бағытталған бірқатар бастамамен танысты.

Министр елімізде осы уақытқа дейін шетелдік жоғары оқу орындарының 25 филиалы ашылғанын айтты. Шетелдік серіктестермен аймақтардағы мемлекеттік университеттерді халықаралық білім беру стандарттары бар зерттеу университеттеріне айналдыру туралы келісімдерге қол жеткізілген.

Биыл студенттерге қаржылай қолдау көрсетудің жаңа тетіктері енгізіле бастады. Олардың қатарына «Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарлама-

сын, жеңілдетілген білім беру несиесі мен дифференциаланған гранттарды жатқызуға болады. Аталған шаралар халықтың барлық санатына жоғары білімнің қолжетімді болуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Саясат Нұрбек жасанды интеллектті дамыту жөніндегі Президент тапсырмаларының орындалуы туралы есеп берді. Оның айтуынша, қазір 8 жоғары оқу орнында 15 білім беру бағдарламасы бойынша 2000-нан астам студент жасанды интеллект саласын оқып жатыр. Цифрлық

экономикаға бейімделген кадрлардың әлеуетін дамыту үшін Google, Nvidia, Coursera, 01 Edu System және Huawei сияқты трансұлттық компаниялармен ынтымақтастық орнатылған. Сондай-ақ жасанды интеллект саласында мамандар даярлау үшін «Болашақ» бағдарламасы арқылы жыл сайын 100 стипендия бөлу жоспарланып отыр.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы жатақханалар салу, жоғары білім мен ғылым инфрақұрылымын одан әрі дамыту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

БЮДЖЕТ ҚАРЖЫСЫ ТИІМДІ ЖҰМСАЛУЫ ТИІС

Елордада мәслихат депутаттарының қатысуымен Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының кезекті отырысы өткізілді. Жиында білім беру ұйымдарында оқушылардың тамақтануына бөлінген жан басына шаққандағы қаржыландыруды және бюджет қаражатын іске асыру тиімділігінің мемлекеттік аудитінің қорытындылары қаралды.



Индира
БЕРЖАНОВА

Іс-шараға мәслихат депутаттары Мәулен Самамбетов, Асқар Смағұлов, қалалық Білім басқармасы басшының орынбасары Нариман Еламанов, астаналық білім беру мекемелерінің директорлары мен Тексеру комиссиясының қызметкерлері қатысты. Мемлекеттік сәйкестік аудиті Астана қаласының Білім басқармасына және оның ведомстволық бағынышы ұйымдарында, оның ішінде 5 орта білім беру (№4 мектеп-гимназия, №15 мектеп-лицей, №28 мектеп-лицей, №37 мектеп-лицей, №84 мектеп-лицей) және 2 мектепке дейінгі білім беру ұйымында (№22 бөбекжай-балабақша, №49 бөбекжай-балабақша) өткізілді.

Аудиторлық тексерістің қорытындысын Астана қаласының Тексеру комиссиясының мүшесі Сәбит Мұқанов таныстырды. Спикердің мәлімдеуінше, мемлекет педагогтардың мәртебесін

көтеруге бағытталып жатқан шараларға қарамастан, бюджет және өзге де заңнамалардың бірқатар қайталанатын жүйелік бұзушылықтар, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметіндегі кемшіліктер анықталды.

Қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы 334 796,6 мың теңгені құрады. Оның ішінде 2021-2023 жылдар кезеңінде еңбекақы төлеуге бөлінген бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және пайдалану нәтижесінде жалпы сомасы 58 097,0 мың теңгеге шығын келген. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қорын бекіту кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының талаптары сақталмаған, осының салдарынан Білім басқармасы жергілікті атқарушы органның тиісті шешімінсіз штат кестесінде 4 мемлекеттік мекеменің басшылық құрамы мен бас бухгалтерлерінің лауазымдық жалақыларын (№4 мектеп-гимназия, №15 мектеп-лицей, №

28 мектеп-лицей және № 84 мектеп-лицей) негізсіз бекіткен. Сондай-ақ оқытушылардың еңбекақысы 24 сағаттық жұмыс күнінен жалпы сомасы 271 494,3 мың теңгеге асыра көтерілген. Бюджет кодексінің бұза отырып, Білім басқармасы №84 мектеп-лицеймен қосымша келісім жасап, негізсіз шешім қабылдаған. Нәтижесінде білім мекемесі қызметкерлеріне жалпы сомасы 68 133,4 мың теңгеге (№37 мектеп-лицей – 860,0 мың теңге, №84 мектеп-лицей – 67 273,4 мың теңге) лауазымдық жалақысынан асатын сыйақылар негізсіз төленген.

Қалалық Білім басқармасы басшысының орынбасары Нариман Еламанов аудит қорытындысы бойынша белгіленген тапсырма мен ұсынымдар уақтылы орындалатынын айтты.

Ал комиссия төрағасы Иманжүсіп Ақпобабев бюджеттің әрбір тиынын тиімді жұмсап, білім беру сапасын арттыратын бастамаларды сапалы атқаруды тапсырды.

ҮЗДІК МЕТАЛЛУРГТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Металлург күні қарсаңында отандық металлургия саласындағы жемісті еңбегі, еліміздің өнеркәсіптік және инфрақұрылымдық дамуына қосқан үлесі үшін жүздеген жұмысшы мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Атап айтқанда, 22 жұмысшы «Құрмет» орденінің кавалері атанды, 41 өнеркәсіп қызметкері III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденінің, 51 адам «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері болды. Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет грамотасын 7 маман иеленді.

ПРЕЗИДЕНТ ЕКІ ЗАҢҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік және электромобильдерге

арналған инфрақұрылымдық дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына қол қойды.

Екіншісі – «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына қол қойды.

ҚҰРЫЛЫС САПАСЫ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Премьер-министр Олжас Бектенов су тасқынынан кейін тұрғын үйлер мен инфрақұрылымдық қалпына келтіру мәселелері бойынша кеңес өткізді. Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев, энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев, көлік вице-министрі Сатжан Абдалиев атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады. Сондай-ақ Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау, Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облысы әкімінің есебі тыңдалды.

Елімізде су тасқыны салдарынан қалпына келтіруге келмейтін барлық үйлер бойынша құрылыс және сатып алу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Су тасқыны салдарынан барлығы 19342 жылжымайтын мүлік (жалғыз баспана болып саналатын үйлер мен саяжайлар) зақымданды, оның 8578-і қалпына келтіруге жарамсыз деп танылды. Бүгінгі таңда 2578 үй құрылысы мен 6 мың жылжымайтын мүлік сатып алу жұмыстары жүргізілуде.

Премьер-министр СҚО-да 200, Павлодар облысында 5 жаңа үй құрылысының жедел жүргізілінін атап өтті. Сондай-ақ жуырда Қостанай облысында 22 үй тапсырылады. Жалпы, тұрғын үйді қалпына келтіруді жеделдету үшін барлық шаралар қабылданғаны баса айтылды. Әкімдіктер қажетті қаржымен толық қамтамасыз етілді, барлық кемшіліктер жойылды, салынып жатқан үйлердің үлгілік жобалары бекітілді. Сонымен қатар

жекелеген өңірлерде жұмыс кестесінен 15-25 күнге артта қалушылық бар. Атап айтқанда, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Ақмола және Атырау облыстарында құрылыс қарқыны төмен.

Үкімет басшысы әкімдерге әрбір нысанға адамдар мен техника жұмылдыруды тапсырып, Президент жүктеген міндеттерді орындау үшін шамамен 2,5 ай қалғанын еске салды. Бұл ретте Премьер-министр құрылыс нормаларын бұзуға жол бермеу керектігін талап етті.

«Қалпына келтіру жұмыстарының қарқынын жеделдету қажет. Құрылыс материалдарын жеткізуге, еңбек ресурстары мен арнайы техниканы алаңдарда жұмылдыруға байланысты барлық мәселені жылдам шешу қажет. Кестеден кешігуге әкеліп соғатын барлық проблемалар туралы дереу орталыққа хабарлау керек. Қажет болса, біз ресурстарды қайта бөліп, техника мен адамдарды көбейтеміз. Барлық құрылыс нормалары

мен қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз ету маңызды. Бұл мәселелер азаматтарды алаңдатпауы керек. Өңірлердің әкімдері үйлердің сапасына жеке жауап береді» деп атап өткен Олжас Бектенов, Өнеркәсіп және құрылыс министріне құрылыс жұмыстарының сапасын қатаң бақылауды тапсырды.

Премьер-министрдің тапсырмасы бойынша өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев, энергетика және көлік вице-министрлері жұмыс уақытының негізгі бөлігін барлық жұмыс аяқталғанға дейін өңірлерде, тікелей құрылыс алаңдарында өткізетін болады. Жергілікті жолдарды жөндеуге және реконструкциялауға Үкімет резервінен 22,7 млрд теңге бөлініп, зардап шеккен өңірлердегі мектептерді қалпына келтіруге 7,5 млрд теңге бағытталды. Барлық мектеп оқу жылы басталғанға дейін қалпына келтіріледі.

Үйлерді бағалау жұмыстары 100% аяқталды

Бағалау қорытындысы бойынша

9 243

нысан жөнделеді

7505

өтемақы алды

20 606

9,4 МЛРД ТЕҢГЕ

отбасы жоғалтқан аса қажетті заттарын сатып алу үшін 150 АЕК-ке дейінгі мөлшерде қосымша өтемақы алды

ЖАЛПЫ СОМАСЫ 44,1 МЛРД ТЕҢГЕ

8 578

жөндеуге жарамайды

2578

құрылыс жұмыстары жүргізілуде

3921

үйлер мен пәтерлерге ие болды

*қираған баспаналарының орнына

>2,8 МЛРД ТЕҢГЕ

сұға кеткен мал үшін берілген өтемақы

ШОБ субъектілерінің

178

өтінімі мақұлданды

1,5 МЛРД ТЕҢГЕГЕ

ЖУЫҚ СОМАҒА ШЫҒЫНДАР ӨТЕЛДІ

100 АЕК мөлшерінде бірқолғы төлем алды

33 820 АДАМ

>12,5 МЛРД ТЕҢГЕ

АЙНАЛАНЫ ТАЗАРТУ ЖАЛҒАСУДА

«Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экологиялық акциясы аясында елордада «Таза бейсенбі» апталық тазалық жұмыстары жалғасып жатыр.

Осы аптада Байқоңыр ауданында, Астана қаласының айналымы жолының аумағында 100-ден астам адам жиналды. Экоакцияға қатысушылар 28 тонна қоқыс шығарды. Олардың қатарында аудандық әкімдік қызметкерлері, Аманат партиясы қалалық филиалының қызметкерлері, елордалық мәслихат депутаттары, «Жастар рухы» жастар қанатының еріктілері және қоғам қайраткерлері болды.

«Таза бейсенбісі» акциясы апта сайын өткізіледі. Бұл қоқыс жинаумен шектелмейді, акция

жаңа экологиялық ойлауды, халықтың мәдениеті мен мінез-құлқын қалыптастыруға, жаңа экологиялық әдеттерді сіңіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ Аманат партиясының Астана қалалық филиалы жанынан қаладағы экологиялық жағдайды бақылау үшін 5 мобильдік топ құрылды. Олардың әрқайсысы экологиялық кеңес мүшесінен, мәслихат депутатынан, аудандық партия филиалдарының төрағаларынан, аудандық атқарушы хатшылардан, партиялық бақылау комиссиясының мүшелерінен,

партияның белсенді мүшелерінен тұрады.

Бұған дейін мобильді топтар жүргізген мониторинг қорытындысы бойынша қала ішінде де, оның шетінде де 20 заңсыз қоқыс орны анықталған болатын.

Ауқымды экоакция аясында қаланы санитарлық тазарту, нөсер және арық канализациясы, көшелерді, тротуарларды, орамшілік аумақтарды, қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды тазалау жұмыстары жүргізіліп, сауда нысандарына іргелес аумақтар тазартылды.



ҚЫЗЫЛШАДАН ҚОРҒАНУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСІ – ЕКПЕ АЛУ

Астанада әртүрлі аурудың 11 түрі бойынша сырқаттану төмендеген, ал 7 түрі бойынша дертке шалдығудың өсуі байқалады. Бұл туралы қалалық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында Астана қаласының бас мемлекеттік санитар дәрігері Сархат Бейсенова мәлім етті.

– Биыл 6 айдың ішінде инфекциялық, паразиттік, карантиндік және аса қауіпті инфекциялар бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақты. Алдын алу шараларының арқасында елорда аумағында аса қауіпті және карантиндік аурулар тіркелген жоқ. 11 нозология бойынша сырқаттанушылықтың төмендеуі байқалады. Атап айтқанда, КВИ 12 есе, энтеровирустық инфекция 9,3 есе, серозды менингит 3 есе, ЖРВИ 2 есе, В вирустық гепатитінің жіті түрі 43%-ға төмендеді. Сондай-ақ скарлатина, В және С вирустық гепатитінің созылмалы түрлері, сальмонеллез, тұмау, дизентерия секілді дерттердің азаюы байқалады, – деді бас санитар дәрігер.

Айтуынша, С гепатиті, описторхоз, іріңді менингит және менингококк инфекциясы бойынша да жағдай қалыпты. Алайда жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан, 7 нозология бойынша сырқаттанушылықтың өсуі байқалып отыр. Мысалы, көкжөтел 81 есе, қызылша 12 есе, паротит 3 есе, вирустық А

гепатиті 1,5 есе, ротавирустық инфекция 17%, жедел ішек инфекциясы 13,9% және туберкулез 11% өсті.

Астана қаласының бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Сархат Бейсенова түрлі инфекциялардан қорғану мақсатында ересектер мен балаларға вакцина алуға кеңес берді.

– Оңтайлы иммунды сақтаудың жолы – екпе алу. Вакцина қолайлы эпидемиологиялық жағдайды сақтауға мүмкіндік береді. Түрлі себептермен немесе тікелей бас тартып вакцина алмаған адамдардың инфекция жұқтыру қаупі жоғары. Инфекцияны жұқтырудың арты асқинуға алып келуі мүмкін. Аурудың негізгі себебі 54% немесе 234 жағдайда ата-аналардың көкжөтелге қарсы профилактикалық егуден бас тартуы болып саналады. Өткен жылдың наурыз айынан бастап елордада қызылшамен сырқаттанушылықтың өсуі байқалды. Биылғы 6 айда қызылшаның 1541 расталған жағдайы, оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар арасында 1059

жағдай тіркелді, өсім 12 есе, сырқаттанғандардың ішінен қызылшаға қарсы 1069 адам егілмеген. Департамент әлеуметтік желілерде вакцинация туралы көрінеу жалған ақпараттың таралуына мониторинг жүргізеді және медициналық ұйымдармен бірлесіп мұндай мәлімдемелерге жедел ден қояды. Түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде 2472 ата-ана вакцинацияның маңыздылығын түсініп, балаларын ектірді, оның ішінде биыл 623-і бұрын вакцинациядан бас тартқан болатын. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда 7 есе жоғары, түсіндіру жұмыстарынан кейін тек 80 бала егілді, – деді Сархат Бейсенова.

Сондай-ақ елорданың бас санитары шетелге сапар алдында екпе алған жөн деп санайды. Себебі вакциналардың қолдану ережелері әртүрлі, иммунитеттің қорғаныш қалқанын қалыптастыру үшін уақыт қажет. Вакцинация – балаларды да, ересектерді де инфекцияның ауыр зардаптарынан қорғаудың өте тиімді әрі қауіпсіз әдісі.



«ҚАУІПСІЗ ҚҰЛЫП»: НӘТИЖЕ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкеннің төрағалығымен көпқабатты тұрғын үйлердегі өрттердің алдын алу және балалардың терезеден құлау салдарын алдын алу бойынша істеліп жатқан жұмыстарды пысықтау жиналысы өтті.

Шапағат ӘБДІР

Жиналыста көпқабатты тұрғын үйлерден балалардың құлауы мен жарақаттануының алдын алу, терезе саңылауларына арналған қорғаныш құлыптарын орнату нормаларының орындалу мәселелері қаралып, Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Ерік Мұхаметғалиев пен «Астана қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» басшысының орынбасары Ерлан Исмағұлов баяндама жасады.

Баяндамашы барлық мемлекеттік органдармен тұрғындар арасында балалар жарақатының алдын алу, өрт қауіпсіздігін сақтау бойынша кешенді

түсіндіру жұмыстары үзбей жүргізіліп жатқанын жеткізді.

– Бүгінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің тапсырмасымен елімізде көптегерлі тұрғын үйлердегі өрттердің алдын алу бойынша ауқымды профилактикалық жұмыстар жүргізілуде, оның аясында балалардың жарақаттануының алдын алу мақсатында параллельді түрде түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ терезеден құлау салдарынан балалардың жарақаттануы мен өлу жағдайларының көбеюіне байланысты, Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті 2024 жылдың 16 шілдесінен бастап «Қауіпсіздік құлып» апталық профилактикалық акциясын бастады. Акцияның бірінші

күні елордада орналасқан 2780 көпқабатты тұрғын үйдің 406-сы қамтылды, – деді ол.

Ал балалардың терезеден құлап жарақаттануы мен өліміне байланысты жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында істеліп жатқан жұмыстарына тоқталған Ерлан Исмағұлов бүгінге дейін қалада көпқабатты үйлердің терезесінен балалардың 23 құлау оқиғасы тіркелгенін, сондай-ақ 2024 жылдың өткен кезеңінде жазатайым оқиғалар нәтижесінен 36 жұмыскер зардап шегіп, оның ішінде 8 адам қайтыс болып 28 адам ауыр жарақат алғанын айтты. Жалпы құрылыс объектілерінде тіркелген 17 жазатайым оқиғаның 15-і адам өліміне әкелетін оқиға болған.



ЕКІ АДАМ ҚҰТҚАРЫЛДЫ

Төтенше жағдайлар департаментінің мамандары қаладағы шомылатын орындар туралы толығырақ айтып, астаналықтарды барынша абай болуға ескертті.

Бүгінгі таңда Астанада шомылуға рұқсат етілген 5 орын бар. Олар орталық жағажайда, Көктал-1 тұрғын алабында, «Три пескяра» жағажай аймағында, «Күйгенжар» тұрғын алабы мен Бейсекова көшесі бойындағы көпір ауданындағы коммуналдық жағажайда орналасақан.

Тыйым салынған жерлерде шомылғаны үшін астаналықтарға шамамен 1 млн теңге айыппұл салынды.

ТЖД елорда тұрғындары мен қонақтарынан су айдындарында қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін сақтауды, тек арнайы бөлінген және жабықталған Акватория учаскелерінде шомылуды, мас күйінде шомыл-

мауды, қалқымалар мен қорықтар үшін жүзбеуді, су айдындарының бейтаныс учаскелерінде суға секірмеуді және ешқандай жағдайда балаларды ересектердің қарауынсыз судың жанында қалдырмауды сұрайды.

Шомылу маусымы басталғаннан бері елордада екі адам құтқарылды.

– Астана су айдындарында адамдардың қаза болуына жол бермеу мақсатында аудан әкімдіктерімен бірлесіп, су айдындарының қауіпті және жабдықталмаған учаскелерінде шомылуды тыйым салу туралы ақпараттық стендтер мен ескерту белгілері орнатылды.

Күн сайын ТЖД департаментінің қызметкерлері полиция, Ұлттық ұлан қызметкерлерімен, қоғам қайраткерлерімен және еріктілермен бірлесіп, қаланың су айдындары бойында рейдтер мен патрульдер жүргізеді, онда азаматтарға су айдындарындағы қауіпсіздік қағидалары жеткізіледі, судағы қауіпсіздік жөніндегі жадынамалар мен буклеттер таратылады. Құтқарушылар бар қосымша 2 мобильді бекет қойылды, – деді Төтенше жағдайлар департаментінде.





«SERGEK»

СЕРГЕКТИКТИ ТАЛАП ЕТЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаңаданғанда «цифрландыру» жаңа мүмкіндікке жол ашатынын айтып, қоғамның барлық саласына енгізуді тапсырды. 2025 жылы жаңадағы ақылды қалаларда 350 миллион бейнебақылау камерасы жасанды интеллект жүйесіне біріктіріледі. Қазірдің өзінде ақылды бейнебақылаулар Smart City-дің ажырамас бөлшегіне айналды. Астана қаласындағы қоғамдық және жол қауіпсіздігі жүйесін 13 мың камера бақылайды. Біз ақпаратты өңдеуге және талдауға арналған камералардың жұмысына жауапты «Көркем Телеком» компаниясына хабарласып, бейнебақылау жүйесінің мүмкіндігі туралы сұрадық.

Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ

ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ ҚАНДАЙ?

Әлем елдерінің тәжірибесінен қоғамдық орындар және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бейнебақылау камераларына басымдық беретінін көруге болады. АҚШ-та 1000 адамға шаққанда 152,8 камерадан келеді. Бұл – әлем бойынша ең үздік көрсеткіш. 2018 жылдан АҚШ-та интеллектуалды камералар жол қозғалысы мен қоғамдық орындардан бөлек, әуежайлар мен шекаралық пункттерді бақылауға көшті. Мақсат – терроризм мен экстремизмнен қорғану. Бұл камералар дәстүрлі паспорттық бақылауды алмастыра бастады.

2018 жылы Ұлыбритания қауіпсіздік индустриясы басқармасы (BSIA) Лондон қаласында 642 мыңға жуық бақылау құрылғысы орнатылғанын, оның 15 мыңы метрода екенін мәлімдеді. Орташа есеппен қаланың 14 тұрғыны мен қонағына бір камерадан келеді және әр адам күніне 300 рет камераға түседі.

Қытай қауіпсіздік мәселесін ақылды бейнебақылаулар арқылы шешуге басымдық беретінін аңғартты. Бұл ел камералардың жалпы саны бойынша әлемде көш бастайды. 2020 жылы Қытайда құрылғылардың жалпы саны 200 миллионнан асып, барлық негізгі қоғамдық аймақты қамтыды. Жеке басын сәйкестендіру саласында көмектесетін үлкен мәліметтер базасын жинақтады. «Өткір көз» деп аталатын бейнебақылау жүйесі кескінді бірден өңдеу орталығына жіберіліп, объективке қандай адам түскенін үш секунд ішінде 88 пайыз дәлдікпен анықтайды.

2018 жылдан Грузияда смарт камералар ұлттық мәртебеге ие болып, жүргізушінің жол қозғалысы ережесін бұзуын тіркейтін жүйеге айналды. Ақылды қалалардың ажырамас бөлшегіне айналған камералар миллиондап саналады. Мәселен, Ресейде 13,5 миллион камера тіркелсе, Германияда – 5,2 миллион, Жапонияда – 5 миллион,

Вьетнамда – 2,6 миллион, Францияда – 1,7 миллион, Оңтүстік Кореяда 1 миллион камера қоғам қауіпсіздігі мен жолда жүру ережесін бақылайды.

«SERGEK» – СЕНИМДІ СЕРІГІҢ

«Көркем Телеком» ЖШС коммуникация департаментінің директоры Асель Кужахметова:

– Қоғамдық және жол қауіпсіздігін бақылайтын «Sergek» камералары қаланың қылмысқа бейім аумағында, мектептердің жанында және тұрғын үйлердің аулаларында орнатылды. Жолдардың қиылысында және сызықтық учаскелеріндегі

Бізді «Sergek» жүйесін бақылайтын және іске асыратын компанияның жұмысы қызықтырды. «Sergek Group» IT компаниялар тобының негізін ағайынды Қайрат пен Әсет Ахметов құрды. 2006 жылы «Sergek» қоғамдық және жол қауіпсіздігі жүйесін әзірлейтін шағын компания болып құрылды. 2016 жылы шешімдерді шетелге шығару тәжірибесі бар, бірнеше стартап дайындаған компания «Sergek» жүйесін құруға кірісті. Онда 1000-ға жуық қазақстандық IT маман мен инженер жұмыс істейді. Олар «ақылды қала» жобасын ілгерілету бағытында ізденіп келеді.

Бүгінде аппараттық және бағдарламалық жүйеге біріктірілген

көрсетеді. Оның 3 мыңы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетіне біріктірілді. «Sergek» кешендеріндегі камералар жол қозғалысын ғана емес, қаладағы қоғамдық қауіпсіздік пен экология бағытын қадағалайды.

Sergek жол қозғалысы ережелерін бұзуды автоматты түрде тіркеп, ереже бұзған сәттен фотосуреттер мен видео арқылы көлік нөмірін анықтайды. Осы деректер процессинг орталығына жіберіледі, әрі қарай полиция инспекторы жеке ЭЦҚ арқылы қол қойып, содан кейін ғана тәртіп бұзушыға айыппұл жібереді. Айыппұл мөлшері жайлы ақпаратты тек Ішкі істер министрлігі береді, – деді Асель Кужахметова.

Әлеуметтік желіде sergek-тен түскен қаржы жеке компанияларға кетеді, мемлекетке тікелей аударылмайды деген пікірлер желдей есіп жүр. Мұның да мән-жайын білдік.

– Sergek жүйесі арқылы жазылған жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін айыппұлдың барлығы мемлекет бюджетіне түседі. «Бюджет кодексінің» 50 және 51-бабына сәйкес, мемлекеттік мекеме салатын айыппұл, өсімпұл, санкция, өндіріп алатын қаржы бюджетке тиесілі. Тиісінше, белгілі бір қалада тіркелген айыппұлдар сол қала бюджетін толықтырады, – деді компанияның өкілі.

Интеллектуалды жүйенің түнгі уақытта бақылау қабілеті қандай, қанша жолақты бақылайды. Асель Кужахметованың сөзінше, инфрақызыл жарығы бар кешен кез келген ауа райында жұмыс істейді, 10 миллион циклге жететін жабдық үш қозғалыс жолағын қамтиды. Бір камераға үш инфрақызыл жарық қосылады, әрқайсысы бір жолақтағы қозғалысты бақылайды. Түнгі уақытта адам кескіні анық көрінеді. Камера түсірген фотосуреттен құрылғы машинаның мемлекеттік нөмірін ғана емес, алдыңғы орындағы жүргізуші мен жолаушының қауіпсіздік белдігін таққан-тақпағанын анықтайды.

Камералар 3 жолақты 23-30 метрге дейінгі көліктің жылдамдық шегін, қиылыс алдында бүтін сызықты басу, рұқсат етілмеген жерге тоқтау немесе аялдау, бағдаршамның тыйым салатын түсіне өту, арнайы жолақпен жүруді, жауу жүргіншіге жол бермеген көлікті тіркеп, бақылайды. Бұл пилоттық жоба ретінде бір жыл бұрын енгізілді.

ҚАНША КАМЕРА БАР, ҚЫЗМЕТІ НЕҢДЕЙ?

– Астана қаласында біздің жүйе бойынша 13 мың камера қызмет

P.S:

Шыны керек, жол қозғалысы ережесін сақтайтын жүргізушілер «қырағы камераның көзінен» аман болады. Сондықтан «Sergek» сергектікті талап етеді. Көлік жүргізуші ретінде түйген ойымыз – осы!

КӘСІПТІК ОҚЫТУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ НЕДЕ?

Астанада жұмыссыздарға арналған қысқа мерзімді курстар олардың кәсіби тұрғыда өрлеуіне тың мүмкіндік береді. Биыл елордада 210 адамды кәсіптік оқыту жоспарланып отыр. Оның 150-і жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша оқытылады. Бұл туралы қалалық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында Астана қаласы әкімдігінің «Еңбек мобильділігі орталығы» директоры Олжас Омар мәлімдеді.

– Орталық қызметінің негізгі бағыттарының бірі – жұмыссыз азаматтарды кәсіптік оқыту, кадрларды даярлау және қайта даярлау. Бүгінгі таңда 93 адам білім алуда, ал 9-ы курстарды аяқтап үлгерді. Курсты аяқтағандар тұрақты жұмысқа орналасқанын атап өткен жөн, – деді орталық директоры.

Айтуынша, оқуға шаштараз (37), макияж суретшісі (24), маникюр шебері (10), тігінші (7), косметолог (5), аспаз (3), тәрбиешінің көмекшісі (2), электромонтер/электр газбен дәнекерлеуші/жиһаз жасаушы (1) мамандықтары таңдалған. Бүгінгі таңда бұл мамандықтар нарықта жоғары сұранысқа ие. Одан әрі орталық директоры кәсіптік оқытудың талаптары мен артықшылықтарына толығырақ тоқталды.



– Оқыту екі бағытта, жұмыс берушілердің өтініші бойынша білім беру ұйымдарында және жұмыс берушілердің жұмыс орнында жүргізіледі. Қысқа мерзімді кәсіптік оқудан өтетін қатысушыларға жұмыссыздар, аз қамтылған және көпбалалы отбасы мүшелері, еңбеге қабілетті мүгедектер, жұмыстан босатылған қызметкерлер жатады, – деді спикер.

Ал оның басты талабы – Мансап орталығында жұмыссыз ретінде тіркелу. Оқу ұзақтығы 1 айдан 6 айға дейін.

Айта кету керек, кәсіптік оқыту курсына қатысушыларға 32 681 теңге көлемінде шәкіртақы (жұмыс берушілердің өтініші бойынша); медициналық тексеруден өтуге 2 АЕК (7 384 теңге) көлемінде материалдық көмек беріледі. Ал курсты жұмыс берушінің жұмыс орнында оқытандар үшін айлық жалақысы 20 АЕК (73 840 теңге) көлемінде болады. Курстан кейін оқуды аяқтағаны туралы сертификат алу, тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндігі бар.

Құрсақ құжат тапсырудың жолдары мен кәсіптік оқыту курстарынан өту туралы толық ақпаратты білу үшін Бейбітшілік көшесі, 9 мекенжайындағы орталықтың Кәсіптік оқыту бөліміне жүгіну қажет. Немесе төмендегі нөмірлерге: 24-89-48, 24-93-09, +77009569834 хабарласуға болады.

Құжаттарды қабылдау уақыты: жұмыс күндері сағат 8.30-дан 18.00-ге дейін, үзіліс 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Жаңа технологиялардың қарқынды дамуы өскелең ұрпақты жоғарғы білікті техникалық сала мамандары ретінде даярлауды талап етеді. Осы мақсатта елордалық «Robotek» мектебі жас өрендерге, оның ішінде тек қыз балалар үшін технология әлемінің әліппесін үйретуде жаңа жобаны қолға алды. Бірегей жоба елімізде тұңғыш рет жүзеге асуда. Басты мақсаты – IT саласында гендерлік стереотиптерді азайту және нәзік жандыларды цифрлы технологиялар саласына кеңірек тарту. Жазғы лагерьге қазіргі таңда 102 қыз қатысып отыр. 15 тамызға дейін созылатын білім ордасында олар 16 сабақ бойынша тегін білім алады.

Ел өнертабысын алға жылжытатын жастарды тәрбиелеуде астаналық «Robotek» мектебі бірқатар жетістіктерімен белгілі. Сапаға жұмыс істеуге басымдық беріп, жылдан-жылға ауқымды кеңейіп келе жатқан мектепте енді қыз балалар оқитын болады.

Жоба жетекшісі әрі «Robotek» мектебінің негізін қалаушы Санжар Шалқарбеков лагерь ашығалы қызығушылар саны көп екенін жеткізіп, қыз балаларға арналған жоба осымен ғана тоқтамайтынын атап өтті.

«Дарынды балаларды тәрбиелеуге арналған жоба негізінен гендерлік стереотиптерді өзгертуге бағытталады. Сол себепті де оқытушылардың негізгі құрамы да нәзік жандылардан тұрады. Лагерь ашуды жыл басынан жоспарладық. Мұнда 10 жасан асқан қыздар робототехника негізімен танысады. Бүгінде қыздар сабақтарға аса құлшыныспен келетінін байқауға болады. Әу басында олардың саны аз болғанмен, қазірде 100-ден асып отыр. Айта кететіні, лагерь соңында оқытушылар жобаларын көрсетіп, қорытынды ретінде қыздар арасында робототехника турнирі өткізіледі.

Робототехника, жалпы IT саласына қыздарды көптеп қатыстыру – қоғамда іргелі өзгерістердің орын алуының бірден-бір кепілі. Сөзсіз, еңбек нарығында кейбір жұмыстарды тек ер адамдар жасап жатады. Ал IT саласы гендерге байланысты шектелмейді. Ол физикалық күшті қажет етпейді, бастысы – интеллект,



РОБОТҚА ҮЙІР ҚЫЗДАР

Жас ұрпақтың қиялын ұштап, өз қолдарымен жаңа нәрсе жасап шығаруға құлшынуы қуантады. Әсіресе, елордада ақпараттық технологияларды дамытып, робототехника саласына ден қойған жасөпірімдер баршылық. Жаңашылдық пен ғылымға әуес оқушылардың қарым-қабілеттерін шыңдап, шеберлігін арттыруда Астанада алғаш рет «RoboTechnoGirls» жазғы лагерьі ашылды. Екі айдан аса уақытқа созылатын жоба тек қыз балаларға арналуымен ерекшеленіп, бүгінде 100-ден аса нәзік жандылар робототехника негіздері бойынша тегін білім алады.

адамның ақыл-ойы мен санасы. Шығармашылық қабілеттері жетік қыздарды салаға көбірек тартсақ, ер балалармен қатар тең мүмкіндік береміз. Әлемдік деңгейдегі тәжірибені алып қарасақ та, ірі компаниялар инженер қыз балаларға ауқымды мүмкіндіктерді ұсынады. Шетелдік техникалық жоғары оқу орындарында қыз балаларға бөлінетін грант санының көптігін де айтсақ болады. OpenAI технологияларының бас директоры Мира Мурати – белгілі ChatGPT жасанды интеллектісінің жасаушы мамандардың бірегейі. Жас өнертапқыштар үшін бұл жарқын мысалдардың бірі. Біздің ұжымда да ерекше жобаларымен көзге түскен қыздар баршылық. Солардың бірі – Astana IT University студенті Алина Митрошина. Ол жасанды интеллект технологиясын

әзірлеген. Бұл технологияны «Robotek» мектебіне енгізуді ұсындық, алдағы уақытта осы бағытта жоспарларымыз бар.

Елордада ғана емес, өңір-өңірде түрлі жиындар барысында мұндай жобаның кең ауқымда қамтылуына бастамашы болғандымыз келеді. Жазғы мектеп оқушыларын күзде де оқыту ойда бар. Келесі жылы лагерь қатысушылары санын екі-үш есе арттыру, бағдарламалау, STEM секілді тың бағыттарды қосу – негізгі мақсаттарымыздың бірі» деп бөлісті С.Шалқарбеков.

Жобаның жүзеге асуына ірі банктердің бірі ForteBank, отандық Allur автомобиль компаниясы, Techno Women қауымдастығы мен елордалық «Астана Дарыны» орталығы қолдау білдірді.

«Цифрландыру белең алып келе жатқан дәуірде «RoboTechnoGirls» (Super100)

жобасы шеңберінде алынған технологиялық білім мен жаңа дағдылардың болуы болашақта оқушыларға бірқатар басымдық береді. Бәлкім біреулер үшін бұл мамандық таңдауда маңызды факторлардың бірі болмақ. Сондықтан біз өз тарапымыздан жобаны қолдай отырып, болашақта көшбасшы, жаңашыл және Қазақстанда робототехника саласын алға жетелейтін мықты қыздар ұрпағын тәрбиелеуге мүмкіндік береміз деп үміттенеміз. Қазірдің өзінде автоматтандыру, жасанды интеллект және роботтандыру әртүрлі салаларда, соның ішінде банкте кеңінен қолданылады. Біздің Банктің мысалында айтсақ, операциялардың көп бөлігін біздің клиенттер смартфон арқылы алады, ал барлық ішкі жұмыстар автоматтандырылған негізде жүзеге асады. Сондықтан

технологиялық білім бүгінде маңызды және болашақта сұранысқа ие болады» деді өз сөзінде «ForteBank» АҚ PR-директоры Әсел Тынышбекова.

Оқушылар лагерь барысында бағдарламалау, дизайн, ақпараттық технологиялар, робототехника, инженерия және жасанды интеллектпен танысады. Бұл туралы жазғы мектептің оқытушысы Диляра Оразай айтып берді.

«Робототехника саласында ұл балалардың саны басым екені сөзсіз. Сондықтан салаға қыздарды бейімдеп, олардың білім сапасын арттыру мақсатында лагерь өз жұмысын бастады. Сабақ 3 бөлімнен тұрады. Бірінші кезекте, әр тақырыптың инженерлік теориясын оқытамыз. Қатысушылар арнайы нұсқаулық бойынша роботтарды құрастырады. Оған бағдарлама әзірлейді. Кейін оқушылардың жұмысын ата-аналарымен де бөлісіп, жіберіп отырамыз. Қыздар алғашқы сабақтардан-ақ жақсы нәтиже көрсетіп, бүгінде қабілеттерін одан әрі қарқынды дамытуда. Мұны ата-аналар да жиі айтып отырады. Робот құрастырумен айналысатын бала әуелі дәлдік пен тәртіпке үйренеді. Зейіні ашылып, санасы жетіледі түседі» деді оқытушы.

Оқушы үшін жаз қызығы – көңілді әрі пайдалы демалыс.

Ал жазғы демалысты тиімді өткізіп жүргендердің қатарында астаналық М.Дулатұлы атындағы №68 мектеп-гимназиясының 7-сынып оқушысы Бегімай Қыстаубай бар.

«Курсқа қатысу үшін іріктеу өткізілді. Өзің туралы және робототехникаға қатысты сұрақтардан тұратын тест тапсырған едік. Робототехникаға бұрыннан қызығамын. Сондықтан жасаңды интеллектпен танысады. Бұл туралы жазғы мектептің оқытушысы Диляра Оразай айтып берді. «Робототехника саласында ұл балалардың саны басым екені сөзсіз. Сондықтан салаға қыздарды бейімдеп, олардың білім сапасын арттыру мақсатында лагерь өз жұмысын бастады. Сабақ 3 бөлімнен тұрады. Бірінші кезекте, әр тақырыптың инженерлік теориясын оқытамыз. Қатысушылар арнайы нұсқаулық бойынша роботтарды құрастырады. Оған бағдарлама әзірлейді. Кейін оқушылардың жұмысын ата-аналарымен де бөлісіп, жіберіп отырамыз. Қыздар алғашқы сабақтардан-ақ жақсы нәтиже көрсетіп, бүгінде қабілеттерін одан әрі қарқынды дамытуда. Мұны ата-аналар да жиі айтып отырады. Робот құрастырумен айналысатын бала әуелі дәлдік пен тәртіпке үйренеді. Зейіні ашылып, санасы жетіледі түседі» деді оқытушы.

«Сумо» роботын жасап, оларды өзара сайыстырдық. Лагерьде өзіме жаңа дос таптым. Мұнда тек қыз балалар болғандықтан, ойларымыз бір жерден шығып жатады. Болашақта инженер болғым келеді. Үй шаруасымен айналысатын робот жасап шығару – басты арманым» деді 12 жасар өрен.

Ғылымға қызыққан жасөспірімдердің танып білуге, тың өзгеріс енгізуге деген ықыласын оятып, ынтысын арттыратын жобаға қызыққандар елордада ғана емес, еліміздің өзге өңірлерінде де бар. Сондықтан болашағы зор жоба Қазақстан бойынша дамуға сұранып-ақ тұр.

Бетті дайындаған Индира БЕРЖАНОВА

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС ҚАЛАЙ ӨТУДЕ?

Елордада 200-ден астам оқушы жазғы демалыстың барлық түрімен қамтылады. Бұл туралы қалалық Коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифинг барысында Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Серік Әділбаев мәлімдеді.

Брифинг демалыс кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыруға арналды. Спикердің айтуынша, 1 маусымнан 10 тамызға дейін білім беру ұйымдарында оқушылардың демалысы бойынша жазғы алаңдардың жұмысы жалғасып жатыр. 2024 жылдың жазғы кезеңінде жазғы демалыстың барлық түрлерімен

206 468 оқушы немесе 1-10 сынып оқушыларының жалпы санының 96 пайызы қамтылатын болады. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру екі бағыт – сауықтыру және жұмыспен қамту бойынша жүргізіледі.

«Балаларды сауықтыру және демалту бағытында қаланың білім беру ұйымдарының базасында оқушылардың қызығушылығы бойынша бейіндік

лагерьлер, спорттық, «Саржайлау» этнолагері, сондай-ақ археологиялық лагерьлер жұмыс істейді. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық білім беру нысандарында бейнебақылау (11,5 мың) және дабыл түймелері орнатылды. ТЖД, полиция және денсаулық сақтау қызметкерлерімен бірлесіп, персоналды оқыту жүргізілді. Қазіргі уақытта 84 білім беру ұйымдарында жергілікті бюджет қаражаты есебінен 1 балаға 130 мың сомасына аз қамтылған отбасылардан шыққан 4 235 балаға арналған қаладан тыс сауықтыру лагерьлеріне жолдамалар сатып алуға конкурстық рәсімдер өтті. Сондай-ақ, ата-аналардың сауалнамасының қорытындысы бойынша жақын және алыс шетелдерге туристік сапарлар кезінде 45 820 баланы қамтитын ата-аналардың есебінен демалыс қарастырылған» деді С.Әділбаев.

Екінші бағыт – жазғы кезеңде балаларды жұмыспен қамту. Бұл бағытты ұйымдастыру үшін 200 519 баланы немесе 4 бағыт бойынша 99%-ын қамту жоспарлануда. 43 417 баланы қамти отырып, 116 іс-шара өткізу жоспарланған. Оның ішінде «Жасыл ел» көгалдандыру бригадаларында, жұмыспен қамту орталықтары арқылы жұмысқа орналастыру, жоғары сынып



оқушыларының еңбек жасақтары, өндірістік кәсіпорында жұмыс істеу, жазғы кезеңге арналған шарт бойынша компанияларда еңбек ету бар.

Шығармашылық жұмысқа 99 360 баланы қамти отырып, 300-ден астам іс-шара өткізіледі. Спорттық-туристік жұмыспен қамтуға барлығы 3330 баланы тартылып, 483 іс-шара өткізіледі. Сондай-ақ 4848 баланы қамтитын 11 іс-шара жоспарланған, бұл зияткерлік жұмыспен қамтуға бағытталады (олимпиадалық резервтің жазғы мектептері, көшбасшылар активінің жазғы мектептері, «Жас Ұлан», «Жас

қыран» мүшелерінің жазғы тілдік мектептері, пікірсайыс жасақтары).

Бұдан басқа, елордада 13 қосымша білім беру ұйымының базасында 4230 баланы қамтитын күндізгі демалыс лагерьлері, сондай-ақ қолданбалы өнер, шет тілдерін үйрену, жүзу бойынша қысқа мерзімді хобби-клубтар жұмыс істейді.

Балаларды бұқаралық спорт түрлерімен айналысуға тарту үшін белсенді спорт түрлері және зияткерлік спорт түрлері бойынша 1183 балалар секциясы жұмыс істейді.



№86 (4674) 20/07/2024 Сенбі

АТЫ ӨЗГЕРГЕНМЕН,
ЗАТЫ БАЯҒЫ

– Мемлекеттік бағдарламалар еліміздегі баспанаға мұқтаж жандардың проблемасын қаншалықты шешуде деп ойлайсыз?

– Мемлекет тарапынан бар қазақстандықтың баспаналы болуына жағдай барынша жасалып жатқан секілді. Олай дейтініміз, түрлі бағдарлама, пайызы төмендетілген ипотека, кейін сатып алу құқығын беретін жалға алу сынды ұсыныстар аз емес. Десек те, соларды саралай келе, кей шарттары ойға қоныссыз көрінеді. Тіпті, кей бағдарлама сөз жүзінде жарқырап тұрғанымен, іс жүзінде кімге арналғаны белгісіз болып жатады. Тұрғын үймен қамтамасыз етуге арналған бағдарламалардың жалпақ жұртқа қаншалықты тиімді не тиімсіз болып жатқанын ашық айтқанымыз дұрыс.

– Нақты қандай бағдарламаларды айтар едіңіз...

– Бүгінде ипотека түрі де, мемлекеттің арнайы бағдарламалары да көп. Соның бірі – «Тұрғын үй коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы». Атын естіген адам шошиды. Бұл бұрынғы «Нұрлы жер» бағдарламасының орнына шыққан жаңа бағдарлама. Аты өзгергенмен, заты сол баяғы, бәз қалпы. Жалпақ тілмен айтқанда, «2-10-20» – бұрынғы «Бақытты отбасы» бағдарламасы, ал «5-10-20» – баяғы «Шаңырақ» бағдарламасы.

Рүстем ЕРМЕКБАЕВ,
«IPOTEKALYK_DARIGER»
компаниясының басшысы:ТИМСІЗ
БАҒДАРЛАМАНЫ
ТОҚТАТҚАН
ЖӨН

Қазіргі таңда Астана қаласында тұрғын үйге мұқтаж ретінде коммуналдық тұрғын үй қорынан үй алуға кезекте тұрған азаматтардың саны – 40 198. Жыл басынан бері мемлекеттік бағдарламалар арқылы 1415 пәтер берілсе, жыл соңына дейін барлық қаржыландыру көздері есебінен 3 422 пәтер беру жоспарлануда. Жалпы, мемлекеттік бағдарламалар төңірегінде халық арасында түрлі сұрақтар көп. Кезекке тұру тәртібі болсын, конкурс барысындағы талаптарға қатысты да келіспеушіліктер көп. Осы ретте мемлекеттік бағдарламалар бойынша халыққа тегін ақпарат беріп, қаншама жанның үй алуына септігін тигізіп жүрген, тұрғын үй саласының сарапшысына айналған «IPOTEKALYK_DARIGER» компаниясының негізін қалаған Рүстем Тұрсынқұлұлы Ермекбаевпен әңгімелескен едік.

лай қамтамасыз етуге болады?

– Біріншіден, үй кезегінде тұрған халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына 6 санат жатады. Соларға бағдарламаның шартын жеңілдеткен дұрыс. Алғашқы жарнасыз, 2 пайызбен, төлем қабілетін растаусыз бірінші және екінші нарықтан пәтер алуына рұқсат беру керек. Сонымен қатар пәтер бағасына шектеу болмаған абзал. Қай өңірде үй кезегінде тұрса, баспананы тек сол өңірден алуы тиіс. Конкурсқа келсек, жыл кезегіне байланысты өткізсе, дұрыс шешім болар еді. Кім үй кезегіне ерте тұрса, пәтер сол адамға тиесілі болады. Ешқандай категорияға басымдық берілмей, тек үй кезегіне тұрған датасына байланысты өткізсе, әділеттік болар еді. Екінші нарықтағы пәтерден алуға рұқсат берсек, баға өсіп кетеді деп қорқудың да қажеті жоқ. Себебі жоғарыда көрсетілген санаттар саны көлге тамған тамшыдай ғана. Ал қаражатты жалдамалы пәтер ақысын субсидиялау жобасынан алған дұрыс. Себебі аталмыш бағдарлама тиімсіз. Ақша жалға беретін адамның қалтасына кетеді. Немесе бұл бағдарламада жоғарыда айтқандай сыбайлас жемқорлық белең алады.

– Жастарға арналған бағдарламалар туралы не айтар едіңіз?

– Әр өңірде әртүрлі атпен бағдарлама ойластыра бергенше, бір ортақ бағдарлама керек. Ешкімді бөліп жармай,

35 жасқа дейінгі барлық жастарды қатыстырған дұрыс. 5% алғашқы жарнамен, 5% мөлшерлеменен, бірінші және екінші нарықтан пәтер алуға мүмкіндік берген өте тиімді болар еді. Шартына келсек, өз қаласында кем дегенде 1 жыл жұмыс өтілі болса да, жаман емес. Ал тіркеу деген ұғымды мүлдем алып тастау қажет. Баспанасы жоқ жастар кімнің үйіне тіркелуі керек? Жұмыс істейтін жастарға ұзақ мерзімді жалдамалы пәтер сатып алу құқығымен беру керек. Ешқандай төлем қабілетін растаусыз лизингке берген жөн. Болашақ жастардың қолында дейміз, үйі жоқ, күйі жоқ жастардан қандай болашақ күтеміз?! Бұл бағдарламаға қаржыны «7-20-25» бағдарламасын тоқтатып, соған жоспарланған қаржыны жұмсаса деген ұсынысым бар.

– Қазіргі таңда «Отбасы» банк өңірлік әкімдіктермен бірлесе отырып, жастарға арналған дербес бағдарламаларды іске асырып жатыр ғой...

– Иә, «Елорда жастары», «Алматы жастары», «Қарағанды жастары», «Әулиеата жастары», «Қостанай жастары», «Абай жастары», «Жетісу жастары», «Алатау жастары», «Сыр елі жастары», «Атырау жастары», «Жайық жастары» бағдарламалары бар. Несие беру шарттарында бастапқы жарна кемінде 10%, жылдық несие мөлшерлемесі 5%, несие мерзімі 19 жылға дейін, 35-ке толмаған жастарға арналған. Былай қарап тұрсаңыз тиімді бағдарлама, дегенмен бұл бағдарлама барлық 35-ке толмаған жастарды баспанамен қамтып жатқан жоқ.

Себебі бұл бағдарламаға тек денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт, ЖОО мен ҒЗИ, журналистер, әлеуметтік сала, құқық қорғау органдары, коммуналдық мекемелердің профильдік қызметкерлері қатыса алады. Жекеменшік мекемелерде жұмыс істейтін немесе таксист, құрылысшы, жүргізуші, базарда сауда-саттықпен айналысатын және тағы басқа салада жұмыс істейтін жастар қатыса алмайды.

– «Жасыл» ипотека мен «Ұмай» әйелдер ипотекасы туралы не айтасыз? Аталмыш бағдарлама қаншалықты тиімді?

– Нарықта «Жасыл» ипотека – 12,5%, «Ұмай» әйелдер ипотекасы – 14,5%. Бұл бағдарламалардың да пайыздық мөлшерлемесі халықтың қалтасына өте ауыр. Алғашқы жарнасы да қолжетімсіз. Сонымен қатар жалдамалы пәтер ақысының 50% субсидиялау бағдарламасы да мардымды жұмыс істеп тұрғаны шамалы. Дәл осы бағдарлама аясында кейбір азаматтар құйтырқы әрекетке баруда. Мысалы танысының ауданы үлкен (ш.м) үйін жалға алады, жалдау құны 200 мың теңге болса, оның 100 мың теңгесін Үкімет төлейді, кейін өзі сол 100 мың теңгені алып, оның 50 мың теңгесіне арзан жатақхана жалға алып, артық ақшаны өз қалтасына басады. Ал шынмен ешқандай құйтырқы әрекетсіз пәтер жалдағысы келетін мұқтаждарға жалға беруші бастартады. Себебі тапқан табыстан салық төлеуі керек. Жалға беру құжаты жасалып, тіркеуден өтеді, одан бөлек түрлі жұмыстары көп. Жылына бөлінетін 50 млрд теңгені тиімді ипотекалық бағдарламаға жұмсаған абзал. «7-20-25» бағдарламасын да тоқтатып, 2029 жылға дейін жоспарланған қаржыны тиімді ипотекалық бағдарламаға жұмсау керек. Қорыта айтқанда, пайдасыз бағдарламалардан бас тартып, болатын іске мойын бұратын кез келді.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ



Мән-мақсаты – арзан ипотека мен тұрғын үй құрылысын дамыту, көпшіліктің үйлі болуына көмектесу. Әйтсе де, бұл қалың көпшілікке емес, тұрғын үй кезегінде тұрған мұқтаждарға ғана арналған. Кей өңірде соңғы екі жылда салынған нысан да жоқ, жүзеге асып жатқан бағдарлама да жоқ. Неге десеңіз, бұл бағдарлама аясында тек әкімшілік ұсынған жаңа үйден ғана баспана алуға салу үшін қаржы керек. Міне, сол қаржының тапшылығынан көптеген елді мекендерде салынып жатқан нысан жоқ, соның салдарынан үй кезегі жылжымайды. Яғни, бағдарлама іске асып жатқан жоқ.

– Ал бәріне бірдей үй алуға мүмкіндік беретін «7-20-25» бағдарламасы бар емес пе?

– Оның жылдық номиналды сыйақы жарнасы – 7%, бастапқы жарна – баспана құнының 20 пайызы, қарыз мерзімі – 25 жыл. Пәтердің шектік бағасы Астана, Алматы, Ақтау, Атырауда – 25 млн теңгеге дейін, өзге өңірлерде – 15 млн теңгеге дейін. Бұл бағдарламаның да жетісіп тұрғаны шамалы. «7-20-25» бағдарламасына жылына 100 млрд теңге бөлінеді. Бұл айына – 8,3 млрд теңге. Осы қаржыны банктерге бөлсек, бір банк тек 70 адамға ипотекалық несие бере алады. 20 пайыз алғашқы

жарнасы да өте көп. Себебі дәл осы бағдарлама аясында сіз жаңа үйден пәтер аласыз, сосын оған жөндеу жұмыстары үшін де біршама қаржы кетеді.

Тағы бір айтатын мәселе, бөлінген қаржының аздығынан бағдарламаға қатысу 5 минутта аяқталып қалады. Салдарынан көптеген азаматтар дәл осы 7 пайызбен ипотека рәсімдей алмай жүр. Ал конкурсқа құрылыс компаниялары қатысады. Себебі олар алатын пәтерді алдын ала 20% жарнасын салып, жалға алып қояды, үйдің құжаттары дайын болған соң құрылыс компаниясы қалған қарызды өтеуге пәтер иелеріне 2 ай уақыт береді. Өтей алмаса өсім жүреді, салған ақшасын шешіп алайын десе ұстайтын комиссиясы бар. Ипотека рәсімдейін десе лимит жоқ. Былай тартса өгіз өледі, былай тартса арба сынады. Не істерін білмей жүрген халық. Ал Үкімет көп ақша бөлейін десе бағаны ушықтырып алудан қорқады.

ТАБЫСЫ ЖАҚСЫ АДАМ
ИПОТЕКАСЫЗ БАСПАНА
АЛАДЫ

– Осы ретте халыққа алғашқы жарна 20 пайызды жинау қиын ба?

– Менің ойымша, жалпыға ортақ арнайы бағдарлама керек. Болашақта шығатын «9-20-25»

бағдарламасына «Отбасы» банк арқылы жылына 150 млрд теңге бөлу жоспарлануда. Бірақ бұл бағдарламаның алғашқы жарнасын 20 пайыздан 10 пайызға азайту керек. Дұрыс айтасыз, алғашқы жарна жинау оңай емес. Пайыздық мөлшерлемені 8 пайызға төмендету керек. Сонымен қатар Қазақстан тұрғын үй компаниясының кепілі бар салынып жатқан үйден де пәтер алуға мүмкіндік беруі тиіс. Қатысушының жас ерекшелігі 40 жасқа дейін болуы керек. Еліміз бойынша соңғы 5 жыл бойы отбасы мүшелерінің атында үй болмауы керек. Астана, Алматы, Шымкент, Ақтау, Атырау, Ақтөбе қалаларында кем дегенде 2 жыл жұмыс өтілі болуы керек. Егер бұндай шектеу болмаса баға дәл осы қалаларда өсіп кетуі мүмкін. «Отбасы» банк талаптарына сай 6-12 ай ақша жинауға міндетті болмауы қажет. Яғни ипотекалық қарыз беру ешқандай бағалау көрсеткішіне тәуелді болмауы керек. Ал алғашқы жарнаны пәтер алушыға Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан жақын туыстар арасында табыстауға (уступка) рұқсат ету керек. Ешқандай шектік сомаға тәуелді болмастан 50 пайыз қаражатқа дейін болса құба-құп. Мәселен, Серіктің баспана алғысы келеді. Оның алғашқы жарнасы 200 мың теңге ғана. Серіктің әйелінің

зейнетақы қорында 500 мың теңге бар. Соның 50 пайызына дейін бере алады. Яғни 250 мың теңге. Ал Серіктің әкесінде 2 миллион теңге бар. Ол оның 1 миллион теңгесін бере алады. Енесінде 1 миллион бар делік. Ол оның 500 мың теңгесін бере алады. Ағасында 3 миллион теңге бар, ол 1,5 миллион теңге бере алады. Ешқандай шектік сомаға тәуелді жасамай, міне осылай алғашқы жарнаны жасауға болады. Бірақ ең үлкен талап, отбасының табысына шектеу табысы әр отбасы мүшелеріне бөлгенде 9 күнкөріс деңгейінен аспауы қажет. Неге табысқа шектеу болуы керек? Себебі баспана шын мұқтаждарға бұйырғаны жөн. Табысы жақсы адам ипотекасыз баспана ала алады.

АҚША ЖАЛҒА БЕРЕТІН
АДАМНЫҢ ҚАЛТАСЫНА
КЕТЕДІ

– Сіздің ойыңызша, барлық азаматтарды баспанамен қа-

АСТАНА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ТҰРҒЫН ҮЙГЕ МҰҚТАЖ ЖАНДАР

40198	ЖАЛПЫ ҮЙ КЕЗЕГІНДЕ ТҰРҒАН АЗАМАТТАР САНЫ
2596	ЖЕТІМ БАЛАЛАР, АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНАН АЙЫРЫЛҒАНДАР
6789	КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАР, «АЛТЫН АЛҚА», «КҮМІС АЛҚА» ИЕГЕРЛЕРІ, «БАТЫР АНА», «АНА ДАҢҚЫ» ОРДЕНДЕРІМЕН НАГРАДТАЛҒАНДАР
18079	ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР, I-II ТОП МҮГЕДЕКТЕРІ, МҮГЕДЕК БАЛА ТӘРБИЕЛЕП ОТЫРҒАН ОТБАСЫ, ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫ
12661	МЕМЛЕКЕТТІК, БЮДЖЕТТІК ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР
73	ЖАЛҒЫЗ ҮЙІ АПАТТЫ ДЕП ТАНЫЛҒАН АЗАМАТТАР



АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІН САЙЛАУ ТУРАЛЫ АСТАНА ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ (маусым 2024 жыл)

2024 жылғы 28 маусымда Астана қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясында шыққан мүшелерінің орнына кейбір сайлау комиссияларының мүшелері сайланды, сондай-ақ жаңадан құрылған № 450, 451, 452, 453, 454, 455, 456, 457, 458, 459 учаскелік сайлау комиссияларына мүшелер сайланды.

-I-

1. Астана қаласы мәслихатының 2024 жылғы 28 маусымдағы № 196/24-VIII, 197/24-VIII шешімдеріне сәйкес Астана қаласының кейбір сайлау комиссияларының шығып қалған мүшелерінің орнына келесі азаматтар сайланған мүшелері болып есептелсін:

АСТАНА ҚАЛАСЫ «НҰРА» АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ:

Мазова Кулхан Ермекебаевна - «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ-нен
Кабыкенов Азамат Хасенович - «Диалог-Астана» ҚБ-нен

№ 1 ОКРУГТИК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Валиева Жанна Нурлановна - «Керемет жол» РҚБ-нен

№ 2 ОКРУГТИК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Садвакасова Алма Досжановна - «АМАНАТ» партиясы ҚБ-нен
Сыздықов Даурен Маратович - «Ауыл» Халықтық демократиялық-патриоттық партиясы» ҚБ-нің өңірлік филиалынан
Кожамбетов Чингисхан Чопанович - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен

№ 2 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Ізтілеу Жігер Асқарұлы - «АМАНАТ партиясы» ҚБ-нен

№ 3 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Турганова Айсауле Болатовна - «АҚ-ЖОЛ» Қазақстан демократиялық партиясы» ҚБ-нен

№ 9 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Махметова Гульден Ерсиновна - «АМАНАТ» партиясы» ҚБ-нен

№ 15 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Ислямова Данагуль Талгатовна - «Береке Астана» мүгедектер бірлестігі» ҚБ-нен

№ 68 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Андреев Михаил Михайлович - «АҚ-ЖОЛ» Қазақстан демократиялық партиясы» ҚБ-нен
Кудайбергенова Айгуль Халкеновна - «Қазақстан Халық партиясы» ҚБ-нен

№ 77 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Маталип Динара Марсқызы - «Диалог-Астана» ҚБ-нен

№ 79 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Серуенбай Баянбек Серуенбайұлы - «Байтақ» қазақстандық Жасылдар партиясы» ҚБ-нен

№ 82 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Еримбетов Нурсултан Есимжанович - «Диалог-Астана» ҚБ-нен

№ 92 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Жансеитова Аяжан Әбүтәліпқызы - «Керемет жол» РҚБ-нен

№ 227 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Абдувакас Айнура - «ЛТИПАТ» ҚБ-нен
Симамбаева Гульбаршин Маратовна - «Диалог-Астана» ҚБ-нен

№ 230 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Игембаев Қасым Молдабекович - от ОО «Жастар серпілісі» ҚБ-нен

№ 248 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Асенеева Баянсулу Бауыржанқызы-«Жастар серпілісі» ҚБ-нен

№ 272 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Искаков Нуртуған Жолаевич - «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ-нен
Жексенбина Шырын Балтабековна - «Диалог-Астана» ҚБ-нен

№ 283 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Булатханов Адилбек Умирзакович - «АҚ-ЖОЛ» Қазақстан демократиялық партиясы» ҚБ-нен

Кенжебаев Нуржан Алимханович - «Қазақстан Халық партиясы» ҚБ-нен

-II-

2. Астана қаласы мәслихатының 2024 жылғы 28 маусымдағы №198/24-VIII шешіміне сәйкес Астана қаласының жаңа учаскелік сайлау комиссияларының мүшелері сайланды.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 20-бабының талаптарына сәйкес белгіленген тәртіппен сайлау комиссияларының төрағалары, төрағалардың орынбасарлары, хатшылары сайланған алғашқы отырыстары өткізілді.

Астана қаласының жаңадан құрылған 10 сайлау комиссиясының құрамы мен орналасқан жерін сіздердің назарларыңызға жеткіземіз.

№ 450 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 93 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ж.Нәжімеденов көшесі, №24)
Басықара Бексұлтан Полатбекұлы - төраға
Тоқшылықова Жаңыл Бисенбайқызы - төрағаның орынбасары
Әскербекова Айдана Ералқызы - хатшы
Құрманғали Арайлым Бауыржанқызы - комиссия мүшесі
Жігер Ертай - комиссия мүшесі
Ермұхан Бекзат Жанатұлы - комиссия мүшесі
Алмуханова Лаззат Нурлановна - комиссия мүшесі
Турсумбеков Фархат Кажиевич - комиссия мүшесі
Наржігітов Әділет Сәлменұлы - комиссия мүшесі

№ 451 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№72 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, А.Байтұрсынұлы көшесі, №25)
Жайлаубаев Ерболат Нурахметович - төраға
Сандыбаева Майра Жаксылықовна - төрағаның орынбасары
Гумарова АйкерімНурумовна - хатшы
Кудретбаев Ерсары Жамалшәліович - комиссия мүшесі
Тоқтарбаева СабинаЕрсаровна - комиссия мүшесі
Тажбенова Ализа Кайратовна - комиссия мүшесі
Уразбекова Айнұр Аманкелдіқызы - комиссия мүшесі
Халел Жанар Арманқызы - комиссия мүшесі
Еркин Жұлдыз Ардаққызы - комиссия мүшесі

№ 452 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «А.Әл-Машани атындағы № 92 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, А351 көшесі, № 3)
Жолдасбекова Оразкул Абсметовна - төраға
Кизатуллина Алуа Сеилхановна - төрағаның орынбасары
Балтабаева Айгерім Габуахитовна - хатшы
Қасымбекова Айгуль Ахмедиевна - комиссия мүшесі
Кемебаев Али Дулатұлы - комиссия мүшесі
Тлесова Гаухар Шарапатовна - комиссия мүшесі
Қарамурзин Толеш Ануарбекович - комиссия мүшесі
Лесова Шолпан Ерланқызы - комиссия мүшесі
Бабаева Гульжихан Кукеновна - комиссия мүшесі

№ 453 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 98 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ж. Нәжімеденов көшесі, №10/5)
Косыбаева Бибигуль Наримановна - төраға
Кожемсеитова Гульнара Манайдаровна - төрағаның орынбасары
Шакиртова Индира Жанадиловна - хатшы
Басимбекова Айгуль Омарғалиевна - комиссия мүшесі
Наушарипова Таслема Жумағалиевна - комиссия мүшесі
Ажикенова Бибигуль Тлектесовна - комиссия мүшесі
Каженова Ақмарал Сериковна - комиссия мүшесі
Никитюк Наталья Викторовна - комиссия мүшесі
Ергазиева Аружан Нуриденовна - комиссия мүшесі

№ 454 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

(орталығы – «Spectrum» халықаралық мектебі» мекемесі, Р.Қошқарбаев даңғылы, №11)
Омар Олжас Қобландыұлы - төраға

Абенова Галия Жандосовна - төрағаның орынбасары
Мукашев Ерлан Сакенович - хатшы
Дүйсенғалиев Жанибек Аманғалиевич - комиссия мүшесі
Оспанова Макпал Талгатовна - комиссия мүшесі
Саттыбаева Бакыт Куккузовна - комиссия мүшесі
Умирбаева Аида Докдурхановна - комиссия мүшесі
Жумабекова Мадина Алдабергеновна - комиссия мүшесі
Жумагулова Мейрамкул Утебаевна - комиссия мүшесі

№ 455 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, А.Бөлекпаев көшесі, №20)

Серікбаева Аружан Аманкелдіқызы - төраға
Ермуханбетова Меруерт Ермуханбетовна - төрағаның орынбасары
Койшыбекова Айдана Мейрамовна - хатшы
Мұхтарова Ботакөз Қабылқадірқызы - комиссия мүшесі
Азимбаева Мадина Кураловна - комиссия мүшесі
Бегалиева Ұлболсын Дәулетқызы - комиссия мүшесі
Сулейменова Мадина Кайратовна - комиссия мүшесі
Кусаинова Асем Рахимжановна - комиссия мүшесі
Маутамбекова Молдир Маратқызы - комиссия мүшесі

№ 456 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, А.Бөлекпаев көшесі, №20)

Акимжанов Даулет Айнекович - төраға
Ташимова Айгерім Мынбаевна - төрағаның орынбасары
Есалы Зейнеп Бейсейбайқызы - хатшы
Жәкүден Ақжол Турарұлы - комиссия мүшесі
Ибрагимова Шахноза Бабахановна - комиссия мүшесі
Хамидуллина Галия Латеновна - комиссия мүшесі
Бактаева Айжан Мағауиновна - комиссия мүшесі
Кудайбергенова Айгуль Исахановна - комиссия мүшесі
Дүйсенбай Бексұлтан Еркінұлы - комиссия мүшесі

№ 457 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

(орталығы – «Smart Technological School» жеке мектебі, І.Омаров көшесі, №8)

Ердәулетқызы Ажар - төраға
Егембердиева Айсара Жандарбековна - төрағаның орынбасары
Бекеев Асем Аскарповна - хатшы
Шабаев Айдар Алибекович - комиссия мүшесі
Мияшев Дастан Сакенович - комиссия мүшесі
Альсеитов Мухаммадали Адилханұлы - комиссия мүшесі
Бейсенова Бархат Сагитаевна - комиссия мүшесі
Полатова Элора Закирхановна - комиссия мүшесі
Ниязбекова Айым Нұрбекқызы - комиссия мүшесі

№ 458 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

(орталығы – «BINOM EDU CATION» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Ә.Бөкейхан атындағы «BINOM SCHOOL» мектеп-лицейі, Ш.Шөкин көшесі, №5)

Күзембаева Жанар Кабаштаевна - төраға
Хайсанай Айнура - төрағаның орынбасары
Сағынғалиева Айсынай Ламихаевна - хатшы
Кушенова Қырмызы Жумагуловна - комиссия мүшесі
Ғұмарова Ұлдана Ерболатқызы - комиссия мүшесі
Сатаева Аяулым Канатқызы - комиссия мүшесі
Ғинаятқызы Айнура - комиссия мүшесі
Хамитова Майдагуль Шарапиденовна - комиссия мүшесі
Жекеев Кайрат Сапарбаевич - комиссия мүшесі

№ 459 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

(орталығы – «Сарыарқа» велотрегі, Қабанбай батыр даңғылы, №45А)

Ақпанов Азамат Серөгевич - төраға
Токтыбаев Даурен Махсутович - төрағаның орынбасары
Қысықова Дина Александровна - хатшы
Сейдалиева Ғұлдана Аманкелдіқызы - комиссия мүшесі
Карлығашев Азат Кайратович - комиссия мүшесі
Султанова Нургуль Айтболатовна - комиссия мүшесі
Абдиразакова Нурбике Канатовна - комиссия мүшесі
Камзаев Бауржан Сабитович - комиссия мүшесі
Ожаубаев Нурсултан Саркытович - комиссия мүшесі

ДЕПАРТАМЕНТ ҚЫЗМЕТІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 12 АЙДАҒЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Астана қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті ішкі мемлекеттік аудит жүргізу жөніндегі негізгі функцияларды іске асыру мақсатында 2023 жылдың 9 айы ішінде бюджет қаражатын пайдалану үшін 113 аудиторлық іс-шара өткізді. Аудиторлық іс-шара барысында Астананың 69 объектісі аудитпен қамтылды, оның ішінде жоспарлы тексерулер саны 26 немесе 29%, сондай-ақ 39 мемлекеттік аудит объектісінде аудит электронды түрде өндірілген.

Тексерулердің жалпы санының 87 немесе 71%-ы келіп түскен өтініштер бойынша, құқық қорғау органдарының сұраулары бойынша, жоғарғы органдардың тапсырмасы бойынша, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында жүргізілген жоспардан тыс тексерулерге тиесілі.

Белгіленген бұзушылықтардың жалпы сомасы 56 426 942,8 мың теңгені құрады. Оның ішінде қаржылық бұзушылықтар 31 591 864,2 мың теңге және процедуралық сипаттағы бұзушылықтар 24 835 078,57 мың теңге, оның ішінде:

– 37 010 425,6 мың теңге, бюджет және өзге де заңнаманы бұзу;
– 17 770 479,5 мың теңге квазимемлекеттік сектор субъектілерінің мемлекет активтерін басқару және пайдалану кезіндегі заңнаманы бұзу;

Бұдан басқа, жалпы сомасы 18 524 715,37 мың теңгеге мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзушылықтар анықталды. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын пайдалану кезінде бұзушылықтарды анықтаудан, жолын кесуден және оларға жол бермеуден басқа, бақылау іс-шараларының нәтижелері бойынша барлық ұйымдардың орындауы үшін міндетті болып табылатын анықталған бұзушылықтарды жоюға ұйғарымдар жіберіледі.

Аудиторлық іс-шаралардың қорытындысы бойынша 12 292 676,1 мың теңге қалпына келтірілді және өтелді, оның ішінде 11 862 236,9 мың теңге сомасына кәсіпорындардың шоттарына ақшалай қаражатты қалпына келтіру жолымен қалпына келтіріліп, жұмыстар мен қызметтер орындалып, сондай-ақ тауарлар жеткізілді және 430 439,2 мың теңге бюджет кірісіне өтелді.

Құқық қорғау органдарына 3 объекті бойынша мемлекеттік аудит материалдары жіберіліп, қылмыстық істер қозғалған.

Аудиторлық іс-шаралардың қорытындысы бойынша 48 765,3 мың теңге сомасында айыппұл

салуден 394 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды, оның ішінде бюджет кірісіне 47 560,05 мың теңге аударылды және төленді немесе 97,5%.

Есепті кезеңде тәртіптік жауапкершілікке 70 лауазымды тұлға тартылып, оның ішінде 11-і атқаратын лауазымынан босатылды.

Біз тексерген бірқатар мемлекеттік аудит объектілерінің, мемлекеттік мекемелердің және бюджет қаражатын алушылардың қызметі тиісті дәрежеде бюджет қаражатын пайдалануы қамтамасыз етілмейді.

Аудитке ұшыраған барлық салаларда бұзушылықтарға жол берілді – құрылыс, денсаулық сақтау, мәдениет, білім.

ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

«Intellectual generation» ЖШС жекеменшік мектеп – жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы. Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек (2024 жылы – 4140000 теңге). Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда, «Қаржы орталығы» АҚ-қа хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 8-7172-695-037, 8-7172-695-058.

«Ваш Столичный Ломбард» ЖШС кепіл мүлкін соттан тыс сатулы күн сайын жүзеге асырады. Ломбардтардағы зергерлік бұйымдар түріндегі мүлкті ашық аукцион арқылы сатады. Тольғырақ: vsl.kz/torgi

ДОДАҒА КЕЛГЕНДЕР НЕ КӨРЕДІ?

Елордалық гидтер мен экскурсоводтар Астанада өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына дайындыққа арналған үш күндік курсқа қатысты.



Бұл курсты Астана қаласы әкімдігі мен «Астана дамыту орталығы» ЖШС қолдауымен Ақмола облысының Туризм басқармасы жанындағы «Visit Aqmola» туристік ақпараттық орталығы, «Арман-тур» ұлттық туристік бірлестігі, Қазақстанның гидтер, экскурсоводтар одағымен бірлесіп ұйымдастырды.

Курс барысында қатысушылар Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына келетін туристер үшін экскурсияларды одан әрі ұйымдастыру үшін Астанадан Бурабайға дейінгі

негізгі маршрутпен танысты. Абылай хан стеласының құрылу тарихы мен филологиясына, Бурабай курортының тарихына және оның елдің мәдени мұрасы үшін маңыздылығына арналған басылымдарға ерекше назар аударылды.

Оқытудың тәжірибелік бөлігі Абылай хан шалғыны, Бөлектау тауы және Әуликөл көлі сияқты табиғи және мәдени мұра нысандарындағы сабақтарды қамтыды. Курстың соңғы күні қатысушылар Астанаға келіп, қаланың бас мешіті

мен Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі сияқты көрікті жерлерге экскурсиялар өткізді.

Бұл оқыту білікті гидтер мен экскурсоводтарды дайындауға және олардың кәсіби дағдыларын нығайтуға ықпал ететін туризмді дамытудағы маңызды қадам болды. Аталмыш іс-шара Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының қонақтарын қабылдауға көмектесіп қана қоймай, елорданың халықаралық және ішкі туристік қоғамдастық үшін тартымдылығын арттырады.



ЖАСӨСПІРІМДЕР ЖАРЫСЫ

Бас қалада байдарка мен каноэде ескек есуден 2010-2012 жылдары туған жасөспірімдер арасында қалалық жарыс өтті. Астана қаласындағы №4 Балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебінің 60-тан аса оқушысы қала күніне орай ұйымдастырылған жарысқа қатысып, 200, 500 метр қашықтықта өзара жүлдегерлерді анықтады.

«Байдарка мен каноэде ескек есу спорты қымбат болғанымен, елімізде айналысу тегін. Көбінесе мектебімізге 11-12 жастан бастап, оқушыларды қабылдаймыз. Басты талап – денсаулығы дұрыс болуы керек. Сондықтан да кей балалардың ғана жолы болады. Оларды қызықтыру керек. Күнделікті 2 мезгіл су бетінде ескек есу қиын болуы мүмкін. Бірақ уақыт өте келе, енді ғана спортты қолға

алған жасөспірім бейімделіп кетеді» деді жасөспірімдердің жаттықтырушысы Ғалымжан Бекежан.

Жазғы демалыс уақытында оқушылар аптасына 5 мәрте жаттығып, әр мерекке орай түрлі жарыстар ұйымдастырылып тұрады. Байдарка мен каноэде ескек есу физикалық күшті талап ететіндіктен, қатысушылар жыл 12 ай үнемі дайын болуы керек. Сондықтан жасөспірімдер жазда су

бетінде жүрсе, қыста бассейн, шаңғы тебу, жаттығу залында дайындалады.

Бапкердің айтуынша, қазіргі уақытта байдарка мен каноэде ескек есуден Түркістан облысында әлемдік талапқа сай су каналы салынуда. Ол бітсе, жасөспірімдер өз жерімізде толық деңгейде дайындалып, Азия мен әлемдік деңгейдегі спортшылар шығады деп сенеді.

Қанат БАЙҰЗАҚОВ

ЖАҢААРҚАЛЫҚ АРДАГЕРЛЕРМЕН ЖЫЛЫ ЖҮЗДЕСУ

Астана қаласы Есіл ауданына қарасты Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында «Ұрпақтар сабақтастығы» бағдарламасы аясында Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданы ардагерлерімен кездесу өтті.

Кездесуді ашқан Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов елорданың бес ауданында да Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы ашылғанын айта келе, ашылу тарихымен, бағыттарымен таныстырды. Соның алғашқысы Есіл ауданындағы орталық болды.

– Астана қаласының әкімдігі мен қалалық мәслихаттың қолдауымен орталық ашылған уақыттан қарттар келе бастады. Қазір де келушілер саны толастамай жатыр. Адамдар бір-бірін тауып, достасып, спортпен айналысады. Соның ішінде шахмат, гимнастика, йога, ағылшын тілі, қазақ тілі, компьютер сауаттылығы, басқа да бағыттар ұйымдастырылды. Оның сыртында мәдени бағдарлама түзіліп, ардагерлер ансамбльдері, хорлар құрылды, – деді Сансызбай Есілов.

Оның айтуынша, Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы ашылғалы қарттарға қатысты көп мәселе шешілді. Соның бірі – денсаулық сақтау мәселесі.

«Қала әкімдігіне қарасты 16 емхана бар. Сол емханаларда герантологиялық кабинет ашылды. Қарттарды ондағы терапевт қарсы алады. Қала әкімдігі тарапынан қарттарды қолдауға қатысты 2025 жылға дейінгі арнайы бағдарлама жасалды. Бізде Қатаркөлде зейнеткерлерге арналған шипажай бар. Онда зейнеткерлер ақысының 25 пайызын ғана төлейді, қалғанын әкімдік төлеп береді. Бірақ былтыр қарттар тарапынан онда ешқандай ем жоқтығы жөнінде айтылды. Сондықтан астана зейнеткерлерін 20 пайыздық жеңілдікпен еліміздегі басқа да шипажайларға жіберу туралы мәселені көтердік. Қазір тағы 4 шипажайға жіберу мәселесі қаралып жатыр. Олар Түркістан,



Павлодар, Қостанай облыстарында орналасқан. Жыл аяғына дейін бұл мәселе шешіліп қалуы тиіс» деді Сансызбай Есілов.

Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының жұмысымен кеңірек оның басшысы Мұхтар Еркетаев таныстырды. Оның сөзінше, екі жылдың ішінде орталыққа 12 мыңнан астам зейнеткер тіркелді. Қазір елорданың бес ауданын қосқанда күніне 1,5 мың адам келеді. Жалпы алғанда 25 қызмет көрсетіледі. Республика бойынша орташа өмір сүру жасы 74,4 жас болса, Астанада – 75 жас. Мақсат – астаналықтардың орташа өмір сүру жасын одан әрі де көтеру.

Астана қаласы Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Мұстафин осы аудандағы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының жұмысына тоқталды. «Ардагерлер туралы» заңның бір олқылығын айтып өтті.

«Осы заңда облыстық, қалалық, аудандық Ардагерлер кеңестерінің қаражаты мәселесі шешілмеген. Тиісті деңгейдегі әкім қолдаса қолдады, болмаса, ол да жоқ. Әкімдердің ауыса беретіні бар, орнына келетін адам қолдай ма, қолдамай ма белгісіз. Арасында ардагерлердің мерейтойлары болып тұрады. Оларға құрмет

көрсету үшін кейде жеке азаматтардан көмек сұрап жатамыз» деді Марат Мұстафин.

Жаңаарқа ауданынан Астанаға 15 шақты ардагер келді. Арасында ауданның абыз ақсақалы, 90 жасар Жаролла Шайхин бар. Оларды бастап келген аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Амангелді Әбжанов жұмыстарына тоқталып, Белсенді ұзақ өмір сүру орталығын Жаңаарқада да ашуды ойластырғандарын, тәжірибе алу мақсатында елордаға келгендерін атап өтті. Құшақ жайып қарсы алған Астана қаласы Ардагерлер кеңесіне ризашылығын айтты. Бірқатар басшылық қызметтерді атқарған Мұхаметқасым Жәкенов жылы лебізін жеткізді. Жаңаарқадан келген тағы бір азамат, аты аңызға айналған гитарашы Қорабай Есенов қонақке ретінде «Жас қалам» және «Қоштасу» әндерін салды. Ауылдың алты ауызы ретінде елорданың Алматы ауданы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының «Әдемі» ардагерлер ансамблінің мүшесі Ибрагим Әлімбаев Ұлыбайдың «Дудар-ай» әнін шырқады. Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің атынан қонақтарға алғыс хат пен естелік сыйлықтар тапсырылды.

Дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ

ЕЛОРДАЛЫҚ ӨНЕРПАЗДАР – ЕУРОПА ТӨРІНДЕ

Астана қаласы әкімдігінің «Наз» мемлекеттік би театры мен Е.Рахмәдиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияға қарасты «Қорқыт» этно-фольклорлық ансамблі Еуропада гастрольдік сапарда жүр.

Астаналық өнерпаздар Испанияның Бургос қаласында 46-халықаралық фольклорлық фестивалінің ашылуына қатысып, өнер көрсетті. «Наз» әртістері ерекше қимылдарымен испандықтарды тәнті етті. «Қорқыт» этно-ансамблі күмбірленген күйлерден шашу шашты, ал «Наз» әртісі Айсултан Басықара қазақтың «Қара жорғасын» Испан елінің төрінде әулетті. Әлемді әнімен баураған Димаш Құдайбергеннің жанкүйерлері концертке келіп, оның репертуарындағы «Дайыдауды» орындауды сұрады. Айсултан Басықара осы әнді салып берді.

Қос ұжымның Еуропа еліндегі сапары 20 тамызға дейін жалғасады. Алдағы күндері «Наз» бен «Қорқыт» Испания, Франция, Швейцария елдерінің бірнеше қаласында өнер көрсетеді.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қағталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №86

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-teklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ